

Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 29 желтоқсан N 1758.
Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 49-50, 592-құжат.

Мүгедектердің жоғалтқан қарекетінің орнын толтыру, тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметке қабілетін қалпына келтіру және мүгедектердің қоғамға мейлінше толығырақ кірігуіне септесу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар:

1) Бағдарламаны орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) Бағдарламаның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 2002 жылдан бастап жылына екі рет - әр жылдың 20 қаңтарына және 20 шілдесіне ақпарат беріп отырсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын 25 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2001 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1758 қаулысымен

бекітілген

**Мүгедектерді оңалтудың
2002-2005 жылдарға арналған**

бағдарламасы

Астана, 2001 жыл

**1. Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға
арналған бағдарламасының паспорты**

Бағдарламаның атауы	Мүгедектерді оңалтудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы
---------------------	-----------------------------------------------------------------

Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын жүзеге

асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары

(4.1.3.3. тармақ)

Бағдарламаның бастамашысы	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	Бағдарламаның негізгі мақсаты және міндеттері - мүгедектерді оңалту жүйесін құру, олардың қоғамға жан-жақты кірігуіне мүмкіндіктер беру, кіріптарсыз тұрмыс салтын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, мүгедектік деңгейін азайту.
Негізгі орындаушылар	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері
Бағдарламаның негізгі іс-шаралары	Бағдарлама мүгедектерді медициналық, әлеуметтік, кәсіби оңалту мекемелерінің желілерін дамыту мен олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, мүгедектерге протез-ортопедиялық көмек көрсету және оларды оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету, мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін кедергісіз пайдалану мүмкіндігін жасау, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру жүйелерінде мүгедектерді оңалту мәселелерімен айналысатын қызметкерлерді даярлау мен біліктілігін арттыру жөніндегі ұйымдастырушылық іс-шараларын жүзеге асыруды көздейді
Бағдарламаны іске асыру мерзімі	Мүгедектерді оңалту бағдарламасы 2002-2005 жылдарға арналып жасалған
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын басқа да қаржы көздерінен жүзеге асырылады. Бағдарламаны іске асырудың 2002 жылдан 2005 жылға дейінгі барлық кезеңіне қаржыландыру үшін 6,1 млрд.

теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 2,0 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен 4,1 млрд. теңге қажет болады. <*>

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру оңалту іс-шараларының көлемін ұлғайтуға, мүгедектерді жеке мұқтаждарын ескере отырып, техникалық құралдармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мүгедектердің тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметінде қабілетін қалпына келтіруге, конституциялық құқықтарын толық көлемінде іске асыруға және олардың қоғамға кірігуін жылдамдатуға көмектеседі.

Ескерту. 1-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.15. N 20 қаулысымен.

Ескерту. 1-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.12.26. N 1325 қаулысымен .

Ескерту. 1-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2005.05.10. N 443 қаулысымен .

2. Кіріспе

Мүгедектерді әлеуметтік қолдау мен қорғауға, олардың экономикалық, саяси және басқа да құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етілуіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларында кепілдік берілген.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау шараларының бірі - ағзаның бұзылған немесе жоғалған қарекетін, өзіне өзі қызмет ету, кәсіби қызметтің әр түріне қабілетін қалпына келтіруге және орнын толтыруға бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық іс-шаралар кешенінен тұратын, сондай-ақ мүгедектердің толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік беретін әрі олардың құқықтары мен қабілет мүмкіндіктерін іске асыруын қамтамасыз ететін оңалту болып табылады.

Мүгедектерді оңалту бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді және елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ескеріліп жасалды.

3. Қазақстандағы мүгедектіліктің жай-күйін талдау

Республикада барлығы түрлі санаттардағы 386,2 мың мүгедек, соның ішінде 211 мың мүгедек әйел, 49,8 мың 16 жасқа толмаған мүгедек бала, бала кезінен 58,8 мың мүгедек және басқа да мүгедектер тұрады. Бұл цифрлар, мүгедектіктің бұдан әрі

осылайша көбеюі дені сау халықтың өсімінің азаю қаупін туғызып, республиканың еңбек ресурстарының саны мен сапасының құлдырауына соқтыруы мүмкін деген тұжырымға келтіреді.

Алғаш рет мүгедектікке ұшыраудың 1998-2000 жылдар ішіндегі көрсеткіші

Көрсеткіштер	1998 жыл	1999 жыл	2000 жыл
Ересек адамдар арасында алғаш рет мүгедек деп танылғандар,	55145	49683	46133
оның ішінде әйелдер	22504	20515	18892
Алғаш рет мүгедек деп танылған адамдардың ішінде:			
қалалық жерде тұратындар,	32073	28499	26138
оның ішінде еңбекке жарамды жастағылар	24473	22504	21416
Ауылда тұратындар,	23072	21184	19995
оның ішінде еңбекке жарамды жастағылар	20212	19059	18215
Алғаш рет танылғандардың ішінде мүгедек деп істейтіндер	14752	10930	8979

Төменде мүгедектік топтары бойынша алғаш рет мүгедек деп танылғандар саны туралы мәлімет келтірілді:

Мүгедектік тобы	1998 жыл	1999 жыл	2000 жыл
I топ	5952	4909	4801
II топ	33058	27452	25302

III топ

16135

17322

16030

Мүгедектіктің негізгі себептері:

Мүгедектік себебі	1998 жыл	1999 жыл	2000 жыл
жалпы аурудан	46417	41560	38188
еңбек жарақатынан	656	516	479
кәсіби аурудан	163	111	111
бала кезінен мүгедек	6424	6518	5524

Алғаш рет мүгедектікке ұшырау құрылымында бірінші орында қан айналымы органдары сырқатынан мүгедектік - 18,6 пайыз, екінші орында зиянды ісіктерден мүгедектік - 14,1 пайыз, үшінші орында психиканың бұзылуынан - 12,1 пайыз және төртінші орында - барлық орын алған жарақаттардан 11,9 пайыз.

Еңбекке жарамды адамдар арасындағы мүгедектіктің көбеюіне әлеуметтік және экономикалық факторлар, жұмыссыздық, медициналық қызметтер құнының жоғары болуы әсер етеді.

Соңғы екі жыл ішінде балалар арасындағы мүгедектік 16 пайызға өсіп кетті. Республикада 16 жасқа дейінгі 49,8 мың мүгедек бала және бала кезінен 58,8 мың мүгедек тұрады. Балалардың мүгедектікке ұшырауына итермелейтін факторлардың ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: биологиялық - ата-анасының созылмалы, туа біткен және генетикалық ауруларының жоғары деңгейде болуы, перинаталдық кезеңнің патологиясы; медициналық-ұйымдастырушылық - ауруды кеш анықтау, ауруды анықтаудан бастап мүгедектік белгіленіп, оңалтудың басталуына дейінгі кезеңнің ұзақтығы; әлеуметтік-орта - экологиялық жағдайдың нашарлауы, әлеуметтік жағдайы нашар отбасылар.

Мүгедектіктің өсе түсуі жағдайында мүгедек балалардың және олардың отбасыларының әлеуметтік проблемалары өткір сезіліп отыр. Ауру сәби дүниеге келген күннен бастап отбасы оның тауқыметін тартуға мәжбүр болады. Жағдайды өзгерту және мүгедек балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсету үшін халықты әлеуметтік қорғау денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, ақпарат органдарының ынтымақтастығы мен күш-жігерін біріктіру қажет.

Мүгедек балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін арнайы жағдайлар қажет. Республикада көзі нашар көретін балаларға арналған 8 мектеп бар, оларда көзі нашар

көретін 1240 бала оқиды және 2706 баланы қамтитын есту қабілеті нашар балаларға арналған 19 мектеп бар. Бұл оқу орындары аудиторияларды сымсыз сыныптармен арнайы жабдықтауды қажет етеді. 2001 жылы алғаш рет Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі есту қабілеті нашар балалар оқитын 9 мектепке 18 сымсыз сыныптар жиынтығын сатып алды, бұл арнаулы мектеп-интернаттарда оқитын есту қабілеті нашар балалар үшін тым мардымсыз.

Жалпы білім беретін мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ мүгедек балалардың психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша тәрбие мен білімді үйлерінде алуына болады. Қазіргі кезде 2270 мүгедек бала үйінде оқытылуда. Оларды оқытуға жұмсалатын шығындарды өтеу үшін оларға 3711 теңге мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

Жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітірген I және II топтағы мүгедектердің, олардың денсаулық жағдайын ескергенде, өздерінің отбасы тұратын жерде жұмысқа тұруға мүмкіндігі бола бермейді.

Мүгедектердің еңбегін дәстүрлі пайдаланатын көптеген кәсіпорындар жабылып қалды немесе өндірісін тоқтатты. Мүгедектер үшін жаңа жұмыс орындары құрыла бермейді. Кәсіпорын әкімшілері еңбек рыногында еңбекке жарамды адамдар тарапынан ұсыныстар көп түсетіндіктен, түрлі сылтауларды желеу етіп, жұмыс істейтін мүгедектерді қысқартады.

Бос орындар мүгедектерге тым сирек беріледі. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін пайдаланылуы мүмкін болатын жұмыс орындарының есебі жүйелі жүргізілмейді. Осыған байланысты, ұйымның қағидаттары, инвестициялау көздері туралы мәліметтерді қоса алғанда, мүгедектер үшін жұмыс орындарын есепке алуды ұйымдастыру түрінде (бар болуы, сақталуы, өзгеруі, жаңаларын құру) жұмыс орындары банкін құру қажет.

Өздерінің өнімдеріне мемлекеттік сатып алудың тоқтатылуынан, мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің арнаулы кәсіпорындарының жағдайы қиындап кетті. Өткізу рыногында халық тұтынатын тауарлардың қаптап кетуінен бұл кәсіпорындар бәсекелестікке жарамай қалды.

Мүгедектерді әлеуметтік қолдау шаралары Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңына, "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына, басқа да заңнамалық кесімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

Мүгедектерге әлеуметтік көмек жәрдемақы түрінде, протез-ортопедиялық бұйымдармен және аяқ киіммен, арнаулы қарпі бар баспа өнімдерімен, дыбыс күшейту аппаратурасымен және сигнализаторлармен, компенсаторлық техникалық құралдармен

қамтамасыз ету түрінде беріледі.

Қазақстан Республикасының барлық мүгедектері мүгедектігі бойынша мемлекеттік жәрдемақы алады. Жалпы аурудан, еңбек жарақатынан, кәсіби аурудан, бала жасынан мүгедектерге жәрдемақы мынадай мөлшерлерде төленеді:

I топтағы мүгедектерге - 6 айлық есептік көрсеткіш, II топтағы мүгедектерге - 4 айлық есептік көрсеткіш, III топтағы мүгедектер мен мүгедек балаларға - 3 айлық есептік көрсеткіш, ал бұл 2001 жылдың 1 қаңтарында тиісінше 4650 теңгені, 3100 теңгені және 2325 теңгені құрады.

Әскери қызметін өтеу кезінде алған жаралану, контузия алу, мертігу, ауруға ұшырау салдарынан мүгедек болған мерзімді әскери қызметшілер қатарындағы мүгедектерге, азаматтық немесе әскери нысандағы ядролық объектілердегі апат салдарын жою кезінде немесе ядролық объектілердегі апатты жағдайлар салдарынан мүгедек болған адамдарға, экологиялық төтенше жағдайлар салдарынан, оның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтар өткізу кезіндегі радиацияның әсер етуі себебінен және/немесе осылардың салдарынан болған мүгедектерге себеп-салдары анықталған жағдайда:

I топтағы мүгедектерге - 8 айлық есептік көрсеткіш, II топтағы мүгедектерге - 6 айлық есептік көрсеткіш және III топтағы мүгедектерге - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жәрдемақы төленеді, ал бұл 2001 жылдың 1 қаңтарында тиісінше 6200 теңге, 4650 теңге, 3875 теңге болды.

Әскери қызметін өтеу кезінде алған жаралану, контузия алу, мертігу, ауруға ұшырау салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер қатарындағы (мерзімді әскери қызметшілерден басқа) мүгедектерге, қызмет міндеттерін атқару кезінде ішкі істер органдары қызметкерлері қатарындағы мүгедектерге:

I топтағы мүгедектерге - 15 айлық есептік көрсеткіш, II топтағы мүгедектерге - 10 айлық есептік көрсеткіш және III топтағы мүгедектерге - 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жәрдемақы төленеді, ал бұл 2001 жылдың 1 қаңтарында тиісінше 11625 теңге, 7750 теңге, 5425 теңге болды.

1999 жылғы 1 сәуірден бастап жалпы аурудан, еңбек жарақатынан, кәсіби аурудан болған I және II топтағы мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға, Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдарға жәрдемақылардың өзге түрлеріне қарамастан, коммуналдық қызметтерге, отын және тұрғын үйді ұстау шығындарын төлеуге арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленіп келеді.

I және II топтардағы мүгедектерге берілетін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 1,4 айлық есептік көрсеткішті немесе 1085 теңгені, III топтағы мүгедектерге - 0,6 айлық есептік көрсеткішті немесе 465 теңгені және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға 0,9 айлық есептік көрсеткішті немесе 697 теңгені құрайды.

Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген адамдарға 5,7 айлық есептік көрсеткіш немесе 4389 теңге мөлшерінде

арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

Жергілікті өкілетті және атқарушы органдар тиісті бюджеттердің қаражаты есебінен өз құзыреті шегінде:

тұтыну бағасы индексінің өсуіне қарай мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша ақы;

бөгде адамның көмегіне мұқтаж жалғыздікті мүгедектерді күту үшін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларға қосымша үстеме ақы; санаторлық-курорттық емдеу жеңілдіктерін белгілейді.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен мүгедектердің ерекше талаптарын қанағаттандыруға және олардың тұрмыс деңгейін арттыруға бағытталған басқа да шешімдерді қабылдайды.

Республикада қарттар мен мүгедектерге арналған 15604 орынды 70 интернат үйі жұмыс істейді, олардың ішінде 7042 орынды 25 интернат үйі - психикалық-неврологиялық ауруларға, 2721 орынды 17 интернат үйі мүгедек балаларға арналған. Жалғыздікті қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау үшін үйлерге барып көмек көрсететін 309 әлеуметтік көмек бөлімшесі жұмыс істейді, олар 31632 жалғыздікті қарт азаматқа, оның ішінде 8471 мүгедекке қызмет көрсетеді.

28 мыңнан астам азамат протез-ортопедиялық көмекке, 60 мыңнан астам құлағы нашар еститін мүгедек - сурдотехникаға, 19 мыңнан астам көзі нашар көретін мүгедек тифлоқұралдарға мұқтаж.

2000 жылы 12017 мүгедек аяқ-қол буындарын протездеумен, 5797 мүгедек протез-ортопедиялық аяқ киімдермен, 3180 мүгедек есту аппараттарымен, 5100 мүгедек тифлоқұралдармен қамтамасыз етілді.

Мүгедектерді протез-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз етудің практикасын талдау бұйымдар сапасының төмендігін ғана емес, бірқатар ұйымдастырушылық проблемаларын да көрсетіп отыр. Қазақстанда протездеу мен протез жасау проблемаларына зерттеу жүргізетін бір де бір ғылыми-зерттеу институты жоқ. Протездеу сапасын бағалау тек клиникалық деректер негізінде ғана жүргізіледі және негізінен екі факторға: мүгедектің барабар сезінуіне және протез жасаушының сауатты әрекетіне тәуелді.

Халықты емдеу, емдеу-алдын алу және осы заманғы талаптарға сай келетін протез-ортопедия құралдарымен мейлінше толығырақ қамтамасыз ету, республикалық мемлекеттік протез-ортопедия кәсіпорындарын басқарудың құрылымын оңтайландыру, протез салу мен протез жасауда зерттеу және жобалау-конструкторлық жұмыстарын жүргізу, қол және аяқ буындары протездеріне қажетті түйіндер мен бөлшектер өндірісі бойынша импорт алмастырушы жаңа конструкциялар мен әзірлемелерді енгізу мақсатында жұмыс істеп тұрған протез-ортопедиялық кәсіпорындарын қайта құру көзделуде.

2000 жылы жергілікті атқарушы органдардың шешімімен Ұлы Отан соғысының 459

мүгедегі автокөлікпен қамтамасыз етіліп, 910 мүгедек кресло-қораптар алды.

"Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының мүгедектерге техникалық немесе өзге де құралдар беруге қатысты бөлігі толық көлемінде орындалмай келеді.

Оналтудың техникалық құралдары жоғалтқан қарекеттерін түзеуге немесе орнын толтыруға, оның ішінде өзіне өзі қызмет көрсетуге арналған бейімдеу құралдарынан тұрады (тамақ ішу үшін - асханалық аспаптарды кигізіп бекітуге арналған белбеушелер, крандар, газ және электроплиткаларына арналған тұтқалар, арнайы асханалық аспаптар және зағип адамдар үшін икемдеу құралдары); санитарлық-гигиеналық процедураларды орындау үшін тұрмыстық бейімдеу құралдарынан (тіс мәуесегін, сабынды, жөкені, тарақты, электр ұстарасын кигізіп, бекітетін белбеушелер, тіс пастасын қысып шығаруға, су крандарын, душты ашуға, киімдерді, шұлық-ұйықтарды, аяқкиімді киіп, шешуге бейімдеу құралдары); жылдамырақ және ақырын жүруге арналған құралдардан (қолмен басқарылатын автомобиль, бөлме ішінде жүретін, серуендейтін кресло-қораптар, екі аяғы жоқ мүгедектер үшін шағын қораптар, балдақтар, таяқтар); мүгедектердің естуін түзеу және коммуникациялық қолдау құралдарынан (Брайло бойынша хат жазуға арналған машинкалар, оқуға арналған дүрбілер, "сөйлей білетін кітап" үшін арнайы магнитофондар, домофондар; тербеткіш қоңыраулы сағаттар, арнайы диктофондар, жылжымалы жолдары бар немесе дыбысы күшейтілген телефон аппараттары) тұрады.

"Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңының мүгедектердің тұрғын үйлерге және өзге де әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне көтерілуін қамтамасыз етуді көздейтін 8-бабы да жүзеге асырылмай отыр. Бұл бірінші кезекте, ғимараттардың есігі мен көшелердің жерасты өткелдеріне қойылатын пандустарға қатысты.

Тұтастай алғанда "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңының баптарының көпшілігі орындалмай отыр, бірқатар баптар құрғақ сөз күйінде қалуда, заң баптарының шарттарын орындамағаны үшін берілетін жазалар анықталмаған.

Мүгедектердің демалысы мен спортпен айналысуын ұйымдастыру бойынша оларды нақты кепілдіктермен қамтамасыз ету жөніндегі проблемаларды шешуді, аталған бағытта мүгедектермен жұмыс істейтін кадрларды даярлаудың тәртібі мен шарттарын анықтауды нормативтік тәртіпте жүргізген жөн.

Мүгедектер мен олардың отбасы мүшелерін өздерінің жеке проблемаларын шешуге олардың өздерін тікелей тарту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және бекіту мүгедектерді әлеуметтік оналту жоспарының маңызды бағыттарының бірінен саналады, онда жоғалтқан қарекеттерін қалпына келтіру және орнын толтыру үшін базалық даярлық, өзін өзі күту, өзіне өзі қызмет көрсету бойынша консультациялар беру

к ө з д е г е н

д ұ р ы с .

Бағдарламаның іс-шаралар жоспарының жобасында "Мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңын қабылдау көзделген.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты - мүгедектерді оңалту жүйесін құру, олардың қоғамға жан-жақты кірігуіне мүмкіндіктер беру, кіріптарсыз тұрмыс салтын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, мүгедектік деңгейін азайту.

Бағдарламаның міндеттері мыналар болып табылады:

мүгедектіктің азаюын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

мүгедектерге оңалту және басқа да техникалық құралдар мен медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалту бойынша қызметтердің кепілдікті тізбесін беруден тұратын мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларын әзірлеуді және жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

мүгедектерді кешенді оңалтуды дамыту, оңалту мекемелерінің жүйелерін дамыту мен материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша практикалық іс-шараларды қамтамасыз ету;

денсаулық сақтау, білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, физкультура және спорт жүйесінде мүгедектерге арналған іс-шаралар мен қызметтердің тізбелерін және ауқымын кеңейту;

білім беру, еңбек, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, физкультура және спорт ұйымдарының мүгедектерді оңалту мәселелері жөніндегі жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру;

мүгедектерге өзінің шығармашылық қабілетін пайдалануға, хореография, музыка, әдебиет, театр, сурет, мүсіндеумен, өнердің басқа да түрлерімен айналысуға мүмкіндіктер беру мақсатында кәсіби даярлықты қамтитын іс-шараларды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік-экономикалық шараларды жүзеге асыру жолымен жұмыспен қамту саласында мүгедектерді қосымша кепілдіктермен қамтамасыз ету;

мүгедектердің кедергісіз жүріп-тұруына және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіруіне жәрдемдесу жөнінде іс-шаралар өткізуді қамтамасыз ету;

мүгедектердің сұранысын ескере отырып, оңалтудың техникалық құралдарымен, сондай-ақ сурдоаударма бойынша қызметтер көрсетумен қамтамасыз ету;

мүгедектерді медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалту мәселелері бойынша мамандарды қайта даярлауды қамтамасыз ету;

оңалту жүйесін құқықтық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және оны іске асырудың тетігі

Бағдарламаның негізгі бағыттары:

1. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелерін реттейтін заңнамалық база жасау, оларға қоғамға жан-жақты кірігуі үшін мүмкіндіктер беру, кіріптарсыз тұрмыс салты үшін жағдайлармен қамтамасыз ету.

2. Ағзаның жетілуіндегі бұзылушылықтарды ерте анықтаудың тиімділігін арттыру: әйелдер босанатын және амбулаторлық-емханалық ұйымдардағы "қатерлі" топтағы балаларды ерте анықтау және оларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберу;

мүгедектіктің алдын алу мақсатында оның басталуы және көбеюі себептерін тексеру бойынша зерттеулер ұйымдастыру.

3. Мүгедектерді кешенді оңалтудың жүйесін құру:

мүгедектерді, оның ішінде мүгедек балаларды медициналық, әлеуметтік, кәсіби оңалтуды жетілдіру және оңалтудың барлық бағыттарын үйлестіру;

мүгедектерді санаторлық-курорттық емдеуді ұйымдастыру;

мүгедектерді оңалтудың техникалық құралдарымен, олардың өмірін жеңілдететін оңалту жабдықтарымен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;

оңалту мекемелерінің желісін дамыту және олардың материалдық-техникалық базасын нығайту;

мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге, мүгедек балаларға арналған арнаулы түзеу арқылы білім беру ұйымдарының жүйесін сақтау және кеңейту;

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар құру арқылы Астана қаласында, балалар саны кемінде 60 мың болатын республикалық маңызы бар қалаларда диагностикалық-консультациялық қызметтер жүйесін кеңейту;

мемлекеттік теледидар арнасында ақпараттық бағдарламалардың сурдоаудармаларын ұйымдастыру;

мүгедектерді кәсіптік даярлау, жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, мүгедектерді қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды жыл сайын анықтау;

мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіруін қамтамасыз ету.

4. Мүгедектерді белсенді өмір салтына тарту:

мүгедектердің спорт жарыстарына, көркемөнерпаздар үйірмелеріне, сурет және басқа да шығармашылық конкурстарына қатысуын қамтамасыз ету.

5. Халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру салаларында мүгедектерді оңалту мәселелерімен айналысатын қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

6. Мүгедектер проблемалары бойынша ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру.

6. Бағдарламаны іске асыруды қаржылық қамтамасыз ету

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын басқа да көздерден жүзеге асырылады.

Бағдарламаны 2002 жылдан 2005 жылға дейін қаржыландыру үшін 6,1 млрд. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 2,0 млрд. теңге, жергілікті бюджеттен 4,1 млрд. теңге қажет болады. < * >

Республикалық бюджетте протездеуге, мүгедектерді сурдо-тифлотехникамен қамтамасыз етуге және мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі басқа да іс-шараларға қаржы көзделді. Жыл сайынғы республикалық бюджет шығыстары орта есеппен 500,0 млн. теңгені, оның ішінде 2002 жылы - 355,0 млн. теңгені, 2003 жылы - 512,2 млн. теңгені, 2004 жылы - 984,4 млн. теңгені және 2005 жылы 115,9 млн. теңгені құрайтын болады.

Жергілікті бюджеттен жұмсалатын шығындар 2002 жылы 250,5 млн. теңгені, 2003 жылы - 898,0 млн. теңгені, 2004 жылы - 937,45 млн. теңгені, 2005 жылы - 2087,1 млн. теңгені құрайды. < * >

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен көзделген іс-шаралар облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен келісілген.

Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті республикалық және жергілікті бюджет қаражаттарының көлемі тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу және қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

Ескерту. 6-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.01.15. N 20 қаулысымен.

Ескерту. 6-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.12.26. N 1325 қаулысымен.

Ескерту. 6-бөлім өзгерді - ҚР Үкіметінің 2005.05.10. N 443 қаулысымен.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру оңалту іс-шараларының ауқымын ұлғайтуға, мүгедектерді жеке мұқтаждықтарын ескере отырып, техникалық құралдармен қамтамасыз етуге, мүгедектердің тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметінде қабілетін қалпына келтіруге, конституциялық құқықтарын толық көлемінде іске асыруға және олардың қоғамға кірігуін жылдамдатуға мүмкіндік береді.

8. Мүгедектерді оңалтудың 2002 - 2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. 8-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.05.10. N 443 қаулысымен.

Р/ с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орында- луына (іске асыры- луына) жауапты- лар	Орында- лу (іске асыры- лу) мерзімі	Болжанып отырған шығыстар (мың теңге)	Қаржы- ландыру көзі

1	2	3	4	5	6	7
Әлеуметтік оңалту						
1	"Қазақстан Республикасы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Еңбек-мині	2003 ж. I V тоқсан	Шығындарды талап етпейді	-
2	Жергілікті атқарушы органдардың жанынан Мүгедектер істері жөніндегі кеңестер құру	Әкімдіктің қаулысы	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2003 ж. III тоқсан	Шығындарды талап етпейді	-
3	Протездік-ортопедиялық кәсіпорындардың басқару құрылымын медициналық стационарлармен қосу және протездік-ортопедиялық орталықтарды құру жолымен оңтайландыруды жүзеге асыру	Еңбекминінің бұйрығы	Еңбекмині	2002 ж. I тоқсан	Шығындарды талап етпейді	-
4	Қазіргі заманғы технологиялар бойынша жасалатын протездермен қамтамасыз етуді көздей отырып, Қазақстан Республикасының халқына протездік-ортопедиялық көмек берудің қолданылып жүрген тәртібін жетілдіру	Еңбекминінің бұйрығы	Еңбекмині	2002 ж. II тоқсан	Шығындарды талап етпейді	-
		Еңбекминіне жыл	Еңбекмині, (протездік-ортопедиялық			

5	Облыстарда жұмыс істейтін протездік шеберханаларды нығайту жөнінде қосымша шаралар қабылдау	сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	орталық-тар), облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2002 - 2005 жж.	2003 ж.- 1100,0 2004 ж.- 112,0	Жергілікті бюджет
6	Протездеу мен ортездеуді, ортопедиялық аяқ киіммен, ортопедиялық аппараттармен, корсеттермен және басқа да протездік-ортопедиялық бұйымдармен (бұдан әрі - ПОБ) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, ПОБ жөндеу, қазіргі заманғы технологиялар бойынша протездеумен және ортездеумен байланысты қызметтер көрсету	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Еңбекмині, (протездік-ортопедиялық орталық-тар), облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2003 - 2005 жж.	2002 ж.- 143232,0 2003 ж.- 297491,0 2004 ж.- 436260,9 2005 ж.- 444989,0	Республикалық бюджет Республикалық бюджет Республикалық бюджет Жергілікті бюджет
7	Мүгедектерді техникалық құралдармен, әртүрлі модификациядағы кресло-арбалармен қамтамасыз ету	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2003 ж. 2004 ж. 2005 ж. I V тоқсан	2002 ж.- 60105,0 2003 ж.- 58794,0 2004 ж.- 68544,5 2005 ж.- 88880,8	Жергілікті бюджет
8	Құлағы кеміс еститін мүгедектерді сурдотехникамен қамтамасыз ету	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Еңбекмині, (Республикалық есту қабілетін түзеу орталығы), облыстардың, Астана, Алматы	2002 ж. 2003 ж. 2004 ж. 2005 ж. I V тоқсан	2002 ж.- 91941,0 2003 ж.- 92588,0 2004 ж.- 235672,0	Республикалық бюджет Республикалық бюджет Республикалық бюджет Жергі-

			қалаларының әкімдері		2005 ж.- 221426,0	лікті бюджет
9	Көзі көрмейтін мүгедектерді тифлотехникамен және коммуникациялық қолдау құралдарымен қамтамасыз ету	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Еңбекмині, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2002 ж. 2003 ж. 2004 ж. 2005 ж. I V тоқсан	2002 ж.- 65046,0 2003 ж.- 65046,0 2004 ж.- 36000,0 2005 ж.- 67620,0	Республикалық бюджет Республикалық бюджет Республикалық бюджет Жергілікті бюджет
10	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын мүгедек балаларды сурдотехникамен қамтамасыз ету	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, БҒМ	2004 ж.	2004 ж.- 73600,0	Республикалық бюджет
11	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын мүгедек балаларды тифлотехникамен қамтамасыз ету	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, БҒМ	2004 ж.	2004 ж.- 38565,0	Республикалық бюджет
12	Республика кәсіпорындарында қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін қол және аяқ протездеріне жинақтаушы түйіндер мен бөлшектерді шығаратын импорт алмастыратын технологияларды енгізуді ұйымдастыру	Еңбекминіне жыл сайын 2003 жылдан бастап 20 қаңтарға ақпарат беру	Еңбекмині (протездік-ортопедиялық орталықтар), ИСМ	2002 - 2005 жж.		Эским-банктің кредит ресурстары
	Кірме жолдардың, пандустардың құрылысын, құрылғыларды мүгедектер		Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері			

13	арбалары үшін қамтамасыз етіп тұрғын үйлерге, қоғамдық және өндірістік ғимараттарға, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіруіне жағдай жасау	Еңбекминіне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	рының әкімдері, меншік нысанына қарамас-тан кәсіпорындардың, ұйымдардың басшылары	2002 - 2005 жж.	2002 ж. - 900,0 2003 ж. - 69284,0 2004 ж. - 1701,0 2005 ж. - 17000,0	Жергілікті бюджет
14	Мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған мекемелер орналасқан жерлерде, сондай-ақ мүгедектер болуы мүмкін адам неғұрлым көп жүретін жерлерде синхронды дыбыс дабылы бар арнайы бағдаршамдар, жол белгілері мен көрсеткіштер дайындау және орнату	Еңбекминіне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2002 - 2005 жж.	2002 ж. - 1673,2 2003 ж. - 71555,0 2004 ж. - 11567,4 2005 ж. - 13921,0	Жергілікті бюджет
15	Әрбір облыс орталығында дыбысты құрылғыларымен жарақталған, жаяу жүргіншілер жолдарын салу	Еңбекминіне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2003 - 2005 жж.	2003 ж. - 6137,0 2004 ж. - 1073,0 2005 ж. - 2233,0	Жергілікті бюджет
	Қолданылып жүрген құрылыс нормаларына және ережелеріне (бұдан әрі - ҚНЖЕ) өзгерістер енгізу, жаңа ҚНЖЕ, техникалық шарттарды (ТШ) және көлік пен тиісті көлік					

16	инфрақұрылымының, ғимараттардың, құрылыстардың тұрмыстық құралдар мен техникалардың, кәсіпорындардағы жұмыс орындарының мүгедектерге лайықты болуын көздейтін басқа да нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу мен бекіту	Құрылыс істері жөніндегі комитеттің бұйрығы	И С М (Құрылыс істері жөнінде комитет)	2002 ж. ІІІ тоқсан	Шығындарды талап етпейді	-
17	Жобалар әзірлеуге, сондай-ақ ғимараттар, құрылыстар, жолдар, көлік, байланыс объектілерін салуға мемлекеттік тапсырыстарды орналастырған, көлік және өзге де қызметтер көрсету түрлерін ұсынған кезде мүгедектердің әлеуметтік инфрақұрылымға кедергісіз кіруін қамтамасыз ету қажеттігін конкурстық құжаттама талаптарының бірі етіп белгілеу	Еңбекминіне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2002 - 2005 жж.	Кәсіпкерлік қызмет субъектілері қаражаты есебінен	-

18	Мемлекеттік теледидар арнасында ақпараттық бағдарламалардың сурдоаудармасын ұйымдастыру	Еңбекмініне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	МАСМ	2003 ж. 2005 ж.	ж .	2003 ж . - 1725,0 2005 ж . - 60855,0
----	-----------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------	------	--------------------	-----	-----------------------------------------------

						ликалык бюджет
19	"Ардагер" республикалык пансионаты базасында мүгедектер мен ардагерлерді санаторлық- курорттык емдеуді және оңалтуды қамта- масыз ету. Шучинск-Бурабай курорт аймағын- да мүгедектер мен ардагерлер- ді санаторлық- курорттык емдеуді және оңалтуды қамтамасыз ету	Еңбекми- ніне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстар- дың, Астана, Алматы қалала- рының әкімдері	2002 - 2005 жж.	2002 ж.- 49790,0 2003 ж.- 51590,0 2004 ж.- 70862,0 2005 ж.- 125425,0	Респу- бликалык бюджет Респу- бликалык бюджет Респу- бликалык бюджет Жергі- лікті бюджет
20	Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде мүгедектігі бар адамдардың орталықтанды- рылған деректер банкнот (МОДБ) әзірлеу және енгізу	Үкіметке 2005 жылғы 25 ақпанға ақпарат беру	Еңбекмині	2002 ж. I V тоқсан 2004 ж.	2004 ж.- 75846,0	Респу- бликалык бюджет
21	Мүгедектерді оңалту, мүге- дектерді оңал- туға байланысты жобалар мен шараларға қолдау көрсету мәселелері бойынша Бірік- кен Ұлттар Ұйымымен, Халықаралық еңбек ұйымымен, Дүниежүзілік денсаулық сақ- тау ұйымымен, ЮНЕСКО-мен, ЮНИСЕФ-пен, үкіметтік емес	Еңбекми- ніне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	СІМ, Еңбек- мині, ДСМ, БҒМ	2002 - 2005 жж.		-

	ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту				Шығындар- ды талап етпейді	
22	Мүгедектерді, оның ішінде мүгедек бала- ларды белсенді өмір сүруге тарту мақсатын- да облыстық, республикалық көркем өнерпаз- дар, суреттер, ұсақ-түйек заттар және шығармашылықтың басқа да түрлерінің конкурстарын өткізу	Еңбекми- ніне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	Еңбекми- ні, БҒМ, Облыстар- дың, Астана, Алматы қалалары- ның әкімдері	2002 - 2005 жж.	2002 ж.- 400,0 2003 ж.- 2344,3 2004 ж.- 1405,2 2005 ж.- 5888,0	Жергі- лікті бюджет
23	Мүгедектердің шығармашылық жұмыстарының, мүгедектер ұйымдары шығаратын өнімдердің көрме-саудасын өткізу	Еңбекми- ніне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстар- дың, Астана, Алматы қалалары- ның әкімдері	2002 - 2005 жж.	Шығындар- ды талап етпейді	
24	Республикалық және өңірлік телемарафондар өткізуді қамта- масыз ету, оларды өткізу- ден түскен қаражатты мүгедектерге атаулы көмек көрсетуге жұмсау	Еңбекми- ніне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстар- дың, Астана, Алматы қалала- рының әкімдері, МАСМ	2003 ж.	2003 ж.- 3568,4	Жергі- лікті бюджет
25	Интернат үйлеріндегі мүгедектер мен қарт адамдардың демалысын ұйым- дастыру үшін көркемөнерпаз ұжымдарын тарту	Еңбекми- ніне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстар- дың, Астана, Алматы қалала- рының әкімдері	2003 - 2005 жж.	2003 ж.- 50,0 2004 ж.- 1342,0 2005 ж.- 1100,0	Жергі- лікті бюджет
	Интернат үйле- рінде тұратын	Еңбекми- ніне жыл сайын 20	Облыстар- дың,			

26	мүгедек балалар арасында спорт жарыстарын өткізу	шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2002 - 2005 жж.	Шығындарды талап етпейді	-
27	Мүгедектер арасында жарыстар өткізу үшін спорттық арбалар, қысқы спорт түрлеріне арналған спорт киімдері мен арнаулы жабдықтар сатып алу	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2002 - 2005 жж.	2002 ж. - 500,0 2003 ж. - 1750,0 2004 ж. - 7850,0 2005 ж. - 11137,5	Жергілікті бюджет
28	Барлық санаттағы мүгедектер арасында спорт бойынша аудандық, қалалық, облыстық жарыстар өткізу	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2002 - 2005 жж.	2002 ж. - 4250,0 2003 ж. - 2920,0 2004 ж. - 11852,4 2005 ж. - 18399,0	Жергілікті бюджет
29	Мүгедектер арасында Республикалық спартакиада өткізу	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	МАСМ, Еңбекмині, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2002 ж. I I I тоқсан	2002 ж.- 5000,0	Республикалық бюджет
30	Қазақстан Республикасының Параолимпиадалық ойындарын өткізу	Еңбекминіне 2005 жылғы 20 желтоқсанға ақпарат беру	МАСМ, Еңбекмині, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2005 ж. I I I тоқсан	2005 ж.- 5000,0 2005 ж.- 2934,0	Республикалық бюджет Жергілікті бюджет

31	<p>Мүгедек спортшылардың Параолимпиадалық ойындарға, спорттық фестивальдарға, мерекелерге және басқа да халықаралық және республикалық спорт жарыстарына, Арнаулы Олимпиадалық ойындарға қатысуын қамтамасыз ету</p>	<p>Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру</p>	<p>М А С М , облыстардың , Астана, Алматы қалаларының әкімдері</p>	<p>2 0 0 2 - 2 0 0 5 жж.</p>	<p>2002 ж.- 6420,0 2003 ж.- 7094,0 2004 ж.- 20434,6 2005 ж.- 26711,0</p>
----	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------	--------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------

						лікті бюджет
32	Мүгедектерді дене шынықтыру және спорт құралдарымен оңалтуға арналған әдіснамалық ұсынымдар әзірлеу	Еңбекминіне 2004 жылғы 20 қаңтарға ақпарат беру	М А С М , облыстардың , Астана , Алматы қалаларының әкімдері	2003 ж.		Шығындарды талап етпейді -
Кәсіби оңалту						
33	Мүгедектерді жеке оңалту бағдарламасына сәйкес кәсіби бағдарлауды қамтамасыз ету	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың , Астана , Алматы қалаларының әкімдері , Б F M , Еңбекмині	2002 - 2005 ж ж . I V тоқсан		2002 ж.- 24222,0 2003 ж.- 7269,1 2004 ж.- 13760,4 2005 ж.- 10998,8 Жергілікті бюджет
34	Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін білім берудің арнаулы ұйымдары желісін дамыту жөнінде шаралар қабылдау: 60 мың балаға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар; республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда оңалту орталықтары; аудан орталықтарында психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері;	Еңбекминіне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың , Астана , Алматы қалаларының әкімдері , Б F M , Еңбекмині	2002 - 2005 жж.		2002 ж.- 52454,0 2003 ж.- 88674,0 2004 ж.- 98084,0 2005 ж.- 102988,0 2002 ж.- 27450,0 2003 ж.- 70556,0 2004 ж.- 72545,0 2005 ж - 76172,0 2003 ж.- 99042,0 2004 ж.- 105958,0 2005 ж.- 111258,0 2003 ж.- лікті бюджет лікті бюджет

	үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері				242129,0 2004 ж.- 201086,0 2005 ж.- 221758,0	лікті бюджет
35	Жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамыту, кадрларды кәсіби даярлау мен қайта даярлау жыл сайын мүгедектерді қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды анықтау арқылы қосымша жұмыс орындарын құру жолымен мүгедектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу	Еңбекминіне 2003 жылдан бастап жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2002 - 2005 жж.	2002 ж.- 1257,0 2003 ж.- 1317,0 2004 ж.- 7754,2 2005 ж.- 17535,5	Жергілікті бюджет, жұмыс берушілердің қаражаты
Медициналық оңалту						
	Босанатын әйелдерге жәрдем беретін және амбулаторлық-емханалық ұйымдарда "қатерлі" топтағы балаларды ертерек	Еңбекминіне 2003 жылдан бастап		2002 ж.		

36	анықтауды ұйымдастыру және анықталған "қатерлі" топтағы және мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберу	жыл сайын 2 0 қаңтарға және 20 шілдеге ақпарат беру	ДСМ, БҒМ	2 0 0 3 ж . , 2 0 0 4 ж . , 2 0 0 5 ж . I V тоқсан	Шығындарды талап етпейді	-
37	Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь базасында сумен, балшықпен емдеу орындарын қайта жаңғырта отырып, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру	Еңбекминіне 2005 жылғы 20 шілдеге ақпарат беру	ДСМ	2004 ж.	2004 ж.- 17500,0	Республикалық бюджет
38	Мүгедек балаларды оңалтудың медициналық құрылымдары мен ұйымдарының желісін дамыту: - Маңғыстау, Қызылорда, Алматы, Атырау облыстарының балалар ауруханаларында 30-40 орынға арналған неврологиялық бөлімшелерді қалпына келтіру; - ОЖЖ органикалық зақымданған балаларға арнап Ақтөбе, Алматы, Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Б а т ы с	Еңбекминіне 2004 ж . 2 0 қаңтарға ақпарат беру Еңбекминіне 2005 жылғы 20 қаңтарға ақпарат беру	Облыстардың әкімдері	2003 ж., 2004 ж.	2003 ж.- 6 0 0 0 , 0 2004 ж.- 3 1 0 0 0 , 0 2004 ж. 144586,0 2005 ж.- 232939,0	лікті бюджет

<p>Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Алматы қаласында 10 оңалту орталығын ұйымдастыру; - "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығының 125 орынға арналған ұйықтайтын корпусын Алматы қаласында салу</p>	<p>Еңбекминіне 2005 жылғы 20 шілдеге ақпарат беру</p>	<p>ДСМ</p>	<p>2005 ж.</p>	<p>2005 ж.- 50000,0</p>	<p>Республикалық бюджет</p>
<p>39 Мыналарды өткізу: жүйке жүйесі өрескел дерттенген психосоматикалық жағдайдағы балалардың жүйке-психикалық дамуын бағалау жөнінде көшпелі оқу-әдістемелік циклдар; - алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарының медбикелерін балалардың психикалық-дене дамуының ерте жастағы скринингіне оқыту</p>	<p>Еңбекминіне жыл сайын 20 шілдеге және 20 қаңтарға ақпарат беру</p>	<p>ДСМ</p>	<p>2003 - 2004 жж.</p>	<p>2003 ж.- 192,0 2004 ж.- 108,7</p>	<p>Республикалық бюджет</p>

40	Мүгедектерді санаторлық-курорттық емдеу бойынша жеңілдіктермен қамтамасыз ету	Маслихаттардың шешімдері мен әкімдердің қаулылары	Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, Еңбекмині, ДСМ	2002 - 2005 жж.	2002 ж.- 70014,0 2003 ж.- 161062,5 2004 ж.- 126677,1 2005 ж.- 215679,1
----	-------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------	-----------------	---------------------------------------------------------------------------------------------

Кадрмен қамтамасыз ету

41	Халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау жүйесінде мүгедектерді оңалту мәселелерімен айналысатын қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыру	Еңбекминіне жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Еңбекмині, ДСМ	2003 - 2005 жж.	001 "Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген бағдарламаның 007 "Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру" деген кіші бағдарлама және 001 "Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бойынша бөлінетін қаражат есебінен	Республикалық бюджет
42	Протездік-ортопедиялық кәсіпорындар	Еңбекминіне жыл сайын 20	Еңбекмині (Орталық эксперименталдық	2003 ж . , 2004	Кәсіпорындар	

	қызметкерлерін қайта даярлауды ұйымдастыру	қаңтарға ақпарат беру	протездеу зертханасы)	ж . , 2005 ж.	қаражаты есебінен	
43	Үйлерге барып әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінің әлеуметтік қызметкерлерін қайта даярлауды ұйымдастыру	Еңбекминіне 2003 жылдан бастап жыл сайын 20 қаңтарға ақпарат беру	Еңбекмині , облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері	2 0 0 2 ж . , 2 0 0 3 ж . , 2 0 0 4 ж . , 2005 ж.	2002 ж.- 900,0 2003 ж.- 900,0 2004 ж.- 10110,0 2005 ж.- 50187,8	Жергілікті бюджет
44	Мүгедектерді медициналық-әлеуметтік сараптаудың және оңалтудың өзекті проблемалары бойынша практикалық конференциялар өткізуді ұйымдастыру	Еңбекминіне 2004 жылғы 20 қаңтарға ақпарат беру	Еңбекмині, ДСМ	2003 ж . I V тоқсан	Шығындарды талап етпейді	-

Ш ы ғ ы н д а р д ы ң ж и ы н ы :

жергілікті бюджеттен - 4,1 млрд. теңге, соның ішінде: 2002 ж.- 250,5 млн. теңге; 2003 ж.- 898,0 млн. теңге; 2004 ж.- 937,4 млн. теңге; 2005 ж.- 2087,1 млн. теңге.

Республикалық бюджеттен: - 2,0 млрд. теңге, соның ішінде: 2002 ж.- 355,0 млн. теңге; 2003 ж.- 512,2 млн. теңге; 2004 ж.- 984,4 млн. теңге; 2005 ж.- 115,9 млн. теңге.

Шығындардың барлығы: 6,1 млрд. теңге, соның ішінде: 2002 ж.- 605,5 млн.теңге; 2003 ж.- 1410,2 млн теңге.; 2004 ж.- 1921,8 млн.теңге; 2005 ж.- 2203,0 млн. теңге.